

**Батыс Қазақстан облысының әкімдігі
білім басқармасының балалар мен жасөспірімдердің
туризм және экология облыстық орталығы**

Балалар мен жасөспірімдердің туризм
және экология облыстық орталығының
Әдістемелік кеңесі отырысында қаралған
«24» қаңтар 2017ж. №3 хаттама

**«Менің Отаным - Қазақстан» туристік-өлкетану
экспедициясы шеңберінде «Мәңгілік Ел»
идеясын жүзеге асыруда өлкетанулық қызметті
ұйымдастыру»
БАҒДАРЛАМАСЫ**

13-17жастағы білім алушылар үшін бағдарлама

Қайрлиева Қ.Ж.
қосымша білім беру педагогы

Орал–2017 ж

Бағдарламаның мазмұны

1. Кіріспе	3-6 бет
2. Тақырыптық оқу жоспары	7-8 бет
3. Бағдарлама мазмұны.....	9-15 бет
4. Жүзеге асыру әдістері.....	16 бет
6.Қосымша ақпараттық - әдістемелік қамтылуы.....	17 бет
7.Әдебиеттер тізімі	18 бет

Кіріспе

«Менің Отаным - Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициясы шеңберінде «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыруда өлкетанулық қызметті ұйымдастырубағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) мазмұндық, тақырыптық бағыты бойынша туристік-өлкетану, функционалды қолданысы бойынша оқу-танымдық, іске асырылу мерзімі бойынша үш жылдық, ұйымдастыру түрі бойынша үйірмелік болып табылады.

Бағдарламажалпы білім беретін мектепте білім алушылар мен қосымша теориялық даярлықты қамтамасыз етуге бағытталған.Бағдарлама мазмұны жеке тұлғаның шығармашылық мәдениетін қалыптастыруға, білім алушыларды жалпы азаматтық құндылықтарға танымдық өрісін кеңейтуге және өткен тәжірибені меңгеруге бағытталған.Мазмұны өлке тарихы, этнографиясы, табиғи-мәдени байлығы, экономикалық ерекшелігі арқылы білім алушылардың өлкетанулық ұғымын кеңейтеді, дәрістер, ойын бағдарламалары, әңгімелер арқылы өлке тарихымен танысады, жорық, экспедиция, экскурсиялар кезінде туристік дағдылар арқылы тәжірибелер жинақтайды.Бағдарлама жас ұрпақты туған өлкенің және қаланың тарихымен, танымал жерлестеріміздің өмірімен, өлке туралы аңыздармен, ата-бабамыздың салт-дәстүрі және әдет-ғұрпымен таныстырады.

Аталған бағдарламаны оқып-үйрену Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында көрсетілген Қазақстан тарихына енетін 10 креативті идеяның ең бастысы – патриотизмді қалыптастыруға бағытталғандықтан білім алушыларды өзінің кіші Отанын сүйуге, патриоттылыққа тәрбиелеуге байланысты өзекті болып табылады.

Бағдарламаны құрастыруға Қазақстан Республикасының БІЛІМ ТУРАЛЫ Заңының (27.07.2007, №319-III, 01.01.16 ж) 37-бабы «Қосымша білім беру» нұсқауы, Қазақстан Республикасында балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытудың 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамасы (шығ: №04-2-14/Д-524//1378(п.22) И28.05.2015), Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері (№227 22.04.2015), «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясының «Патриоттық Акті» (26.04.2016) басшылыққа алынды.

Балалар мен жасөспірімдердің туризм және экология облыстық орталығында қабылданған оқу жоспарының тұжырымдамасына сәйкес үйірме бағдарламасы 288 сағатқа есептелген. Сабақтың өту мерзімі аптасына үш рет (топқа бөлінбейді) өтеді.

Бағдарламаның мақсаты:

Білімділігі: оқушыларды туристік-өлкетанулық қызметті меңгертуде туған өлкенің тарихи-мәдени және табиғи мұрасын оқып-үйрету, туристік дағдыларды, қоғамдық пайдалы істерге деген дағдыларды меңгерту, зерттелмеген тың тақырыптарды анықтау, әлеуметтік-экономикалық және мәдени жетістіктері мен салт-дәстүрді сақтауда білімін тереңдету.

Тәрбиелілігі:оқушыларды елін, жерін сүйетін азаматылыққа, патриоттылыққа, тарихын қастерлейтін зеректілікке тәрбиелеу.

Дамытушылығы: туристік-өлкетанулық білімдерін дамыту, ойлау қабілетін шыңдау, сыни тұрғыдан зерделеу, шығармашылық, ізденімпаздық талабын қалыптастыру.

Сарамандылығы: сарамандылық міндеттер балалардың шығармашылық қабілеттерін, авторлық модель құру біліктілігін дамытуға ықпал етеді. Үйірме сабақтарында сарамандық жұмыстар (жорық, экскурсия, экспедиция) жасалар алдында оқушылар міндетті түрде техника қауіпсіздігі жөніндегі ережелермен таныстырылады.

Бағдарламаның жүзеге асырылу талаптары, материалдық базасы:

- 1) Құрал - жабдықтар: шатыр, сақтандыру құралдары, компас, карта, далалық күнделік, диктофон;
- 2) Дидактикалық қамтылу көрнекіліктері: мұрағаттық сызбалар, картиналар, деректі фильмдер, суреттер, музей жәдігерлері;
- 3) Әдістемелік қамтылуы: методикалық әдебиеттер, арнаулы әдебиеттер,
- 4) Қауіпсіздік ережесі.

Бағдарлама бойынша жұмыс нәтижесінде білім алушылар білуге тиіс:

- тарихи деректерді;
- өлкетанушылар еңбектерін;
- өлкенің тарихи деректерін;
- әдебиеттерді оқу, талдау.
- библиографиялық жұмысты үйрену;
- мұрағаттарда, музейлерде, кітапханаларда жұмыстану;
- сұхбат алу, сауалнама жүргізуді үйрену;
- фотоға түсіру, талдау жұмыстарын жүргізу.

Өмірлік – практикалық келесі міндеттерді шешуге:

- іздестіру-зерттеу жұмысын жүргізу;
- эмперикалық зерттеу әдістерін пайдалануға баулу;
- сауалнама, экскурсия жүргізу, жорық күнделігін жазуды меңгеру;
- жорық, жарыс кезіндегі техника қауіпсіздігі ережесін білу;
- туристік құралдарды дұрыс қолдана білу;
- экскурсия, зерттеу жұмыстарын жүргізе білу;
- ақпарат жүйесін пайдалануды білу.

Күтілетін нәтиже:

Білім алушылардың оқу-танымдық, сарамандық қызметінің нәтижесі туристік-өлкетанулық, экологиялық тәрбие деңгейімен және күнделікті өмірдегі туристік-өлкетанулық, экологиялық сауатты жүріс-тұрыстарымен анықталады. Оқушылар білуі тиіс: ауыл шежіресін, жер-су аттарын, табиғи ерекшелігін тану, туристік құрал-жабдықтардың атауларын, не үшін қолдануын, қауіпсіздік ережесін білу, кіші Отаны туралы толық білу, өлке туралы іздестіру-зерттеу жұмысын жүргізу, мектеп музейін толықтыру.

Бағдарламаның пайдаланылуы: оқушының өлкетанулық білімін тереңдету үшін 8-11 сынып оқитын мектеп оқушыларына арналған.

Бағдарламаны меңгерту үшін әдебиеттер көрсетілді.

Бағдарламаны қосымша білім беру педагогтары мен өлкетану үйірмесімен жұмыстанушы мектеп мұражайының жетекшілеріне пайдалануға болады.

Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары 11 бөлімнен тұрады.

Оқу-тақырыптықжоспары

Р/С	Тақырыптардың және бөлімдердің атауы	Сағат саны			
		Бар лығ ы	Дәр іс	Сараман	
				Ғима рат	Айм ақта
I	«Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициясы	21			
1	Экспедиция тапсырмалары	6	3		3
2	«Мәңгілік Ел» идеясы «Мен өз елімнің патриотымын!»	6	3	3	
3	Туристік-өлкетану дағдылары, біліктіліктері. Қауіпсіздік шаралары. Туристік жорықтың тактикасы мен техникасы. Саяхат ауданын зерттеу. Компас.	6	3		3
4	Жорық, экспедиция, экскурсиялар. Туристік құрал- жабдықтар. Жолда жүру ережесі. Алау түрлері. Жіп байлау. Картамен жұмыс жасау. Күнделікпен жұмыс.	3			3
II	«Өзінді танығаның – ақиқатты танығаның»	12			
5	Батыс Қазақстан облысының картадағы орны. Жер көлемі, территориясы, тарихы.	6	3		3
6	«Ең алдымен өзінді өзің таны!» Жанұя шежіресін зерделеу. «Ескі суреттер сыр шертеді» жанұялық альбом.	6	3		3
III	«Жер тарихы – ел тарихы»	36			
7	«Тарих ата – тамырым» арий, сақтар, ғұндар, түркілер мәдениеті.	6	3	3	
8	«Қазақ» сөзінің этимологиясы. Ескі қазақ шежіресі. Көне түркі жазулары.	6	3		3
9	«Ұлыларға тағзым» - Әл-Фараби, Ибн Сина, М.Қашқари, Ж.Баласұғын, Әл-Бируни еңбектері.	6	3		3
10	Ұлы Жібек жолындағы қалалар тарихы.	6	3		3
11	«Қазақстанның жеті кереметі» - ескерткіштер тарихы.	6	3		3
12	Алтын ханшайым табылған мекен. Сарматтар мекені. Археология және облыстық тарихи-өлкетану музейіне саяхат	6			6
IV	Текелінің (Оралдың) тарихы – тереңде!	27			
13	Орал қаласының тарихы. Ескерткіштер тарихы	9	3	3	3
14	Өлке тарихы - көше атауларында. Іздестіру-зерттеу жұмысы «Көшемнің атауына мақтанам!»	9	3	3	3

15	Фото-көрме: «Менің Оралым»	9	3		6
V	Этнография.	48			
16	Қазақ халқының мәдениеті, дәстүрі, әдет-ғұрпы мен қолөнері туралы түсінік.	3			3
17	Фольклорлық туындылар: мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаштар	9	3		6
18	«Үкілі камшат, бүрмелі көйлек» Ұлттық киімді әсемдеу дәстүрі	9	3	3	3
19	Іздестіру-зерттеу жұмысы: Ұлттық тағам асханасы. «Қымыздың пайдасы», «Бауырсақ пісірудің түрлері».	9	3		6
20	Ұлттық ойындар тарихы «Ата-әжелеріміз ойнаған ойындар»	6			6
21	«Ұлттық мерекелер – мерейім»	6			6
22	«Дәстүр ордасы- киіз үй» (шашақбау, бойтұмар тігу)	6			6
VI	Жері байдың – елі бай	36			
23	«Зенит» кеме жасау заводына саяхат	6	3		3
24	«Омега», механикалық заводына саяхат	12	3	3	6
25	«Ақжайық», «Береке», «Желаев» шаруашылық орталықтарына саяхат	6	3		3
26	Табиғатты қорғау орталығына саяхат	6	3		3
27	«Орал – өндіріс орталығы» картасы. Топографиялық белгілер. Топографиялық зерттеу, бағдарлау.	6	3		3
VIII	Бір өзіне бірнеше өлең арнатқан – Жайық өзені	36			
28	«Қыз Жібек» жыры. Жайық өзені, тарихы.	8	2	3	3
29	«Салық өлді дегенше, халық өлді десейші» М.Бабажанов . Өлкетанушылар еңбектерімен танысу.	8	2	3	3
30	Х.Есенжанов. «Ақжайық» трилогиясындағы елді мекен атаулары.	8	2	3	3
31	Ж.Молдағалиев «Мен – Қазақпын!» кітапханаға саяхат.	8	2	3	3
32	«Әдеби Орал» презентациясы	4		4	
IX	Өлкетанулық зерттеу жұмысы	36			
33	«Орал өңірінің жолсерігі» жолсерік жасақтау	9	3	3	3
34	«Ерлігің ұрпақ есінде!» ҰОС-ң хаттарын іздеу, ардагерлерге көмектесу, кездесу.	9	3	3	3
35	Мұрағатпен, кітапханамен жұмыс	9	3	6	
36	«Менің Отаным - Қазақстан» туристік өлкетану слетіне қатысу	9	9		
X	Сынақтық жорықтар	24			
37	Жорық, экспедицияларға дайындық.	10	6	4	

38	«Ақжайық» романының ізімен зерттеу жұмысы	14	4		10
XI	Қорытынды	12			
39	«Мұрагер - жорықта!» папкасын жинақтау	6	3	3	
40	Жылдық қорытынды есеп	6	3	3	
	Барлығы	288	105	56	127

Бағдарлама мазмұны

I - бөлім. «Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициясы (21 сағ.)

1-сабақ. «Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициясы. тапсырмалары. Туристік-өлкетану, туристік-экологиялық, әдеби-өлкетану, тарихи-өлкетану, экскурсиялық, географиялық бағыттарының тапсырмаларымен жұмыс. Тақырыптар беріліп, рефераттар әзірлеу. (6 с.)

2-сабақ. «Мәңгілік Ел» идеясы. (6 с)

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» жалпы ұлттық идеясын жүзеге асыру мақсатында тәрбие тұжырымдамасындағы «Тәрбиенің құндылықты моделі». «Мен өз елімнің патриотымын!» сабағының маңыздылығын түсіндіру. Тәрбие моделінің құрылымын ашу, патриоттық идеяның мақсатын түсіндіру

3-сабақ. Туристік - өлкетану дағдылары, біліктіліктері. (6 сағ.)

Туристік жорықтың тактикасы мен техникасы. Саяхат ауданын зерттеу. Компас. Қауіпсіздік шаралары. Туристік жорықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Сақтандыру және өзін-өзі сақтандыру. Сақтандырудың және өзін-өзі сақтандырудың маңыздылығы. Сақтандыру құралдары. Туристік түйіндер, кеуде бекіткіші және оны қолдану тәсілі. Сақтандыру түрлері: бірақыттық, кезекті, топтық және өзін-өзі сақтандыру. Сақтандыру орнын таңдау және дайындау. Жоғарғы және төменгі сақтандыру. Арқан арқылы жоғарыға шығу және төменге түсу. Жорық кезіндегі қауіпсіздіктің алдын алу. Өлкетануда қолданылатын карталардың түрлері, бағдарлау (бағытты анықтау) негіздері, компас, жергілікті жерде және картада азимутты анықтау, полярлық және маршруттық түсіру тәсілдерімен жергілікті жердің жоспарын жасау технологиялары, шартты белгілер;

4-сабақ. Жорық, экспедиция, экскурсиялар. Туристік құрал- жабдықтар. Жолда жүру ережесі. Алау түрлері. Жіп байлау. Картамен, күнделікпен жұмыс. (6 с.)

Жорық, экспедиция, экскурсиялар түрлері. Жорыққа дайындық. Жорық ауданын зерттеу. Топтағы міндеттерді бөлу. Жорық күнделігін жүргізу. Жорық бағдарламасын және маршруттың әзірлеу. Маршрут құжаттарын даярлау. Есепті дайындау. Туристік құрал - жабдықтар. Жолда жүру ережесі. Алау түрлерімен (шалаш, құдық, перамида, таежный, траншея, «заборчик», «решетка», «аңшының ошағы» т.б.) таныстыру, қолдалынуы, тәртібі (Алауды қатты желден сақтау; оған ауа келіп тұруды қамтамасыз ету; жылынуға - кең жағылған, тағам дайындау үшін - конус тәрізді алауларды пайдалану т.с.с.) туралы ұғындыру. Өлкетануда қолданылатын карталардың түрлері, бағдарлау (бағытты анықтау) негіздері, компас, жергілікті жерде және картада азимутты

анықтау, полярлық және маршруттық түсіру тәсілдерімен жергілікті жердің жоспарын жасау технологиялары, шартты белгілер; Топтыққұралдар. Туристік палаткаларды сипаттары. Тент және палаткалар. Құралдардың күтімі және оны жөндеу. От жағу құралдары. Өлкетану жұмыстардың міндеттеріне байланысты арнайы экспедициялық құрылғылар. Туризм түрлері бойынша арнайы құрылғылар: мұзжарғыштар (ледоруб), ілмектер (крючья), кошкалар, қорғаныс жилеты, байдаркалар, шаңғылар, каскалар және т.б.

II-бөлім. «Өзінді танығаның – ақиқатты танығаның» 12с.

5-сабақ. Батыс Қазақстан облысының картадағы орны. Жер көлемі, территориясы, тарихы. (6 с.)

6-сабақ. «Ең алдымен өзінді өзін таны!» (6 с.)

Жанұя шежіресі тарату. «Ескі суреттер сыр шертеді» жанұялық альбом. Жанұя шежіресі. Жанұя тарихы. Жеті ата. Ата-тек атаулары: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене. Туыстық атаулар: жүрежат, туажат, жұрағат, жат жұрағат, жегжат, жамағайын. Шежіре тарату. «Ескі суреттер сыр шертеді». Жанұялық альбомдардан өлке тарихына үлес қосқан туыстарының өмірбаянын білу. Презентация жасау.

III-бөлім. «Жер тарихы – ел тарихы» (36 сағ.)

7-сабақ. «Тарих ата – тамырым» арий, сақтар, ғұндар, түркілер мәдениеті. (6 с.) Қазақстан жерінде өмір сүрген тайпалар тарихы.

8-сабақ. «Қазақ» сөзінің этимологиясы. Ескі қазақ шежіресі. Көне түркі жазулары. (6 с.) Қазақ сөзінің шығу тарихы. Ежелгі тайпалық одақтар тарихы. Руналық ескерткіштер жазуы. Алаш сөзінің мағынасы. Күлтегін ескерткіші. Білге қаған ескерткіші. Талас, Тұрфан жазулары. Қожа Ахмет Иассаудің еңбектері.

9-сабақ. «Ұлыларға тағзым» - Әл-Фараби, Ибн Сина, М.Қашқари, Ж.Баласұғын, Әл-Бируни еңбектері. (6 с.) «Таза шындық», «Ғылым түрлері», «Құтты білік», «Дауа кітабы», «Асыл тастар» т.б. кітаптар туралы түсіндіру;

10- сабақ. Ұлы Жібек жолындағы қалалар тарихы. (6с.)

Сығанақ, Сауран, Сайрам, Түркістан қаласы. Сарайшық қаласы. Жайық қаласы.

11-сабақ. «Қазақстанның жеті кереметі» - ескерткіштер тарихы. (6 с.) Қазақстандағы ескерткіштер тарихын зерттеу.

12-сабақ. Алтын ханшайым табылған мекен. Сарматтар мекені. Археология және облыстық тарихи-өлкетану музейіне саяхат (6с.) Елімізде табылған алтын адамдар тарихы (1969 жылы Жетісу өңіріндегі Есік қорғаны, 1999 жылы Ақтөбе облысының Жылыой ауданына қарасты Аралтөбе қорымы, Шығыс Қазақстан облысының Шілікті жазығы, Талды-2 Қарағанды, 2012ж. Теректі ауданынан табылған алтын ханшайым). Мәдениеті (ерте сарматтар мәдениеті (прохор) орта сарматтар мәдениеті (суслов) кейінгі сарматтар мәдениеті). Сарматтар қыш ыдыстар, сақина, білезік сияқты әшекей заттар жасаған. Б. з. II-IV ғғ. Сарматтардың аса ірі археологиялық ескерткіші - жерлеу орындары (Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау ауданында) табылған. Жерлеу дәстүрі. Зергерлік бұйымдары. III-V ғғ. зергерлік өнерге түсті металдардың ішінен алтынды көп қолдануы. Шаруашылығы. Археологиялық жорық тапсырмасымен жұмыс «Жәдігер құпиясы жадымда!». Археология және облыстық тарихи-өлкетану музейіне саяхат. Музей тарихы. Музейдегі ғылыми

тәжірибелік жұмыстар. Мұражай бөлімдері.Музей жәдігерлерінің тарихы. Эссе: «Сені қызықтырған жәдігер»

IV-бөлім. Текелінің (Оралдың) тарихы – тереңде! (27 сағ.)

13-сабақ. Орал қаласының тарихы. Ескерткіштер тарихы. (9 с.)

Орал қаласының тарихы. Жайық қалашығы т.б. археологиялық ескерткіштер, ерте замандағы тұрақтардың, елді мекендердің, қалалардың, қорғандардың, қорымдардың сызба-нұсқаларын жасау. Қаладағы ескерткіштер. Даңқ, «Европа-Азия» монументтері, А.С.Пушкин, М.Мәметова, А.Құнанбаев, В.И.Чапаевтың, С.Датов, Г.К.Жуков, А.Шолохов, Т.Масиннің және М.Молдағалиевтің ескерткіш-мүсіндерінің авторлары мен қала тарихымен байланыстылығы.

14-сабақ. Өлке тарихы - көше атауларында. Іздестіру-зерттеу жұмысы «Көшемнің атауына мақтанам!» (9 с.) Қала көшесіне саяхат. Жаңадан атау алған көшелер тарихы.

15-сабақ. Фото-көрме: «Оралым көрікті әсем қала» (9 с.) Қаладағы танымал, әсем орындарды фотоға түсіру. Лас, сақталуы нашар ескерткіштерді анықтау. Фотоға түсіру, көрме жасаудың ерекшелігі.

V-бөлім. Этнография. (48 сағ.)

Этнография ғылымы. Тайпалар мен халықтардың шығу тегі, тұрмысы, кәсібі, әдет-ғұрпы, ерекшелігі. Халықтың күнделікті өмірі мен тіршілігін, әдет-ғұрпын зерттеу ерекшеліктері. Қария адамдармен әңгімелесіп, олардың айтқандарын жазып алу, маңызды көріністерді суретке түсіру, ұнтаспаға жазып алу, сирек кездесетін бұйымдарды жинау. Музей деректерін, ертеректе жазылған қолжазбаларды пайдалану. Саяхатшылардың мәліметтеріне, бұрыннан сақталып қалған әдеби мұраларға көңіл бөлу. Жергілікті халықтың даму жолын, басқа халықтардан ерекшелігін анықтау.

16-сабақ. Қазақ халқының мәдениеті, дәстүрі, әдет-ғұрышы мен қолөнері туралы түсінік. (3 с.)

Халықтық салт-дәстүр. Салт-дәстүр – халықтың ертеден, ұрпақтан-ұрпаққа ұмытылмай жалғасып келе жатқан, әбден қалыптасқан ережелері мен үлгілі істері. Қазақ халқының салт-дәстүрлері: қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, жастарға қамқоршы болу, ата-ананы ардақтау, үйге сәлем беріп кіру, әдептілік, қонақжайлылық, т.б. Ақсақалдар мен ел құрметіне бөленген сыйлы адамдар және ата-ананың өз ұрпағына, еліне арнап айтқан үлгі-өнегесі өсиет сөздерін жинау.

17-сабақ.Фольклорлық туындылар(9 с.)

Халық музыкасы, халық биі, халық өлеңі, халық театры, халық әдебиеті, халық қолөнері, халық қолданатын ырымдар мен ғұрыптар, салттар мен наным-сенімдер. Фольклор– халықтың бұрынғы замандарда өмір сүрген бабалары шығарып, пайдаланып, ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп, бүгінгі дәуірге жеткізген руханият. Мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаштар түрлері.

18-сабақ. «Үкілі камшат, бүрмелі көйлек» (9 с.)

Ұлттық киімдер атауы.Ұлттық киімді әсемдеу дәстүрі. Ою түрлері. Киізден жасалатын киімдер.Теріден жасалатын киімдер.Сырт киімдер: Аба; Бота ішік; Жарғақ; Тайжақы; Тақыр шалбар; Тон. Бас киімдер: Бөрік; Құлақшын; Малақай; Тақия; Тымақ. Аяқ киімдер: Кебіс; Мәсі; Мықшима; Саптама етік; Шарық (Шо-қай); Шоңқайма. Жүннен жасалатын киімдер.Жабағы күпі;

Жадағай шапан; Жүн қолғап; Жүн шұлық; Мойынша; Түйежүн далбағай; Түйе жүн кеудеше; Шекпен; Шидем шекпен. Киімге байланысты ырымдар.

19-сабақ. **Іздестіру-зерттеу жұмысы: Ұлттық тағам асханасы.** «Қымыздың пайдасы», «Бауырсақ пісірудің түрлері».(9с.) Іздестіру-зерттеу жұмысы.

20-сабақ.Ұлттық ойындар тарихы - «Ата-әжелеріміз ойнаған ойындар» (6 с.)

Қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік, әскери-спорттық, салт-дәстүрлік, өзара қарым-қатынастық және көркем-эстетикалық сипаты. Ұлттық ойындардың түрлері.Әбжілдік пен төзімділікке тәрбиелейтін, ат үстінде шауып келе жатып жерден - күміс алу. Ер адамдардың кеңінен тараған ойыны - көкпар тарту. Халық арасына кеңінен тараған спорт жарыстарының бірі — қазақша күрес. Ол барлық салтанатты жиындарда өткізіледі. Алтыбақан тебу, асық ойнау, жамбы ату, қыз қуу, жілік сындыру сияқты ұлттық ойын түрлері мен спорт жарыстары.

21-сабақ. **«Ұлттық мерекелер – мерейім» (6с.)** Наурыз мерекесі. Қымызмұрындық, соғым басы, сүндет тойы, тоқым қатар мереке-тойларының ерекшеліктері.

22-сабақ. **«Дәстүр ордасы- киіз үй».**

Киіз үй тарихы. Әсемдеу үрдісі. Мүліктердің орналасу тәртібі. Шашақбау, бойтұмар тігу. (6с.)

VI-бөлім - «Жері байдың – елі бай» (26 сағ.)

Батыс Қазақстан өңірінің шаруашылығы маңызы бар (ауылдың, ауданның, қаланың) өнеркәсіп және ауылшаруашылығы кәсіпорындарының орналасуының карта-сызбасын құрастыру, өлкенің кәсіпорындары және мекемелерінде сұранысқа ие мамандықтар; өнеркәсіп және ауылшаруашылығы кәсіпорындарының жұмысымен танысу, «Омега», «Зенит» (кәсіпорындардың жетекшілерімен және мамандарымен кездесу); кәсіпорынға экскурсия жасау, техникамен, технологиялармен және технологиялық үдерістермен танысу, әр түрлі мамандық иелерімен танысу; маңызы бар (ауылдың, ауданның, қаланың) өнеркәсіп және ауылшаруашылығы кәсіпорындарының орналасуының карта-сызбасын құрастыру, өлкенің кәсіпорындары және мекемелерінде сұранысқа ие мамандықтар; өнеркәсіп және ауылшаруашылығы кәсіпорындарының жұмысымен танысу (кәсіпорындардың жетекшілерімен және мамандарымен кездесу); кәсіпорынға экскурсия жасау, техникамен, технологиялармен және технологиялық үдерістермен танысу, әр түрлі мамандық иелерімен танысу; алдын-ала жасалған жоспар бойынша аудан, қала үшін аса маңызды кәсіпорындарды оқып-білу және сипаттама беру, өнеркәсіптік, сонымен қатар экспорттық және импорттық қарым-қатынастардың сызба-нұсқасын құрастыру; алдын-ала жасалған жоспар бойынша аудан, қала үшін аса маңызды кәсіпорындарды оқып-білу және сипаттама беру, өнеркәсіптік, сонымен қатар экспорттық және импорттық қарым-қатынастардың сызба-нұсқасын құрастыру;

23-сабақ. **«Зенит» кеме жасау зауытына саяхат (6 с.)** Зауыт тарихымен (1941 ж.) танысу. Отан соғыс 1 дәрежелі орденін иеленуі. Кеме жасау қызметі. «Сарбаз» кемесі. Кәсіпорын арнаулы техника, мұнай-газ саласы үшін жабдықталған катер және кемелер сияқты өнімдер шығаруы. Зауыт

технологиялық үдерістердің кең ауқымын қажет ететін конструкциясы күрделі әрі қиын бұйымдар жасауға бағытталған.

24-сабақ. «Омега», Орал механикалық заводына саяхат (12 с.) «Омега» заводының тарихы. Зауыт электронды автоматты жүйелерге байланыс құрылғыларын, темірден түрлі құрамалар жасап, аспаптарға аса дәлдікпен жасалатын механизм тетіктерін шығаруға мамандандырылған. Орал механикалық заводына саяхат. МТЗ тракторының, ГАЗ, ЗИЛ, ПАЗ автомобилдерінің және әр түрлі арнайы техникалардың құралдарын жасайтындығын көрсету;

25-сабақ. «Ақжайық», «Береке», «Желаев» шаруашылық орталықтарына саяхат (6 с.) Өлкедегі агроөнеркәсіп кешендері.

Сүт («Береке» ЖШС), бидай («Желаев» ЖШС), ет т.с.с. өнімдерін қайта өңдеумен негізінен «Береке» АҚ, «Ибрагим» ЖШС, «Жайық-Ет» ЖШС, «Кублей» ЖШС және Орал қаласында орналасқан 12 шағын цехтар айналысуы. Еңбек өнімдері. Өлкенің экономикасына пайдасы. Сауалнама жүргізу. Фотоға түсіруге үйрену.

26-сабақ. Табиғатты қорғау орталығына саяхат (6 с.)

Батыс Қазақстан өңірінің ерекше қорғалатын аумақтары және табиғатты қорғау. туған өлкенің қорғауды талап ететін өсімдіктері мен жануарларын анықтау және тізімін құрастыру, олар жайлы фотоальбомдар, бейне слайдтар, бейнефильмдер жасау (жұмысты презентациялау), туған өлкенің және оған жақын аумақтардың «Қызылкітаптық», эндемикалық өсімдіктері мен жануарлары; ерекше қорғалатын аумақтар және нысандарға (мүмкіндікке байланысты): қорықтарға, қорықшаларға, ұлттық саябақтарға, табиғат ескерткіштеріне, хайуанаттар бағына, ботаникалық бақтарға, дендрарилерге, орман шаруашылықтарына саяхат жасау, олардағы табиғатты қорғау жұмыстарының технологияларымен танысу;

27-сабақ. «Орал – өндіріс орталығы» Топографиялық белгілер. Топографиялық зерттеу, бағдарлау. (6 с.)

Топографиялық белгілер - жергілікті заттардың топографиялық, карталардағы шартты (графикалық, әріптік, сандық) белгілері. Масштабтық, масштабтан тыс және түсіндірмелі белгілер. Масштабты шартты белгілермен өз өлшемі бойынша карта масштабында керсетілетін заттар (орман, көл, т.б.). Масштабтан тыс шартты белгілер (карта масштабында өлшемі шағын болғандықтан (шахталар, радиомачта) көрінбей қалатын жергілікті заттарды бейнелеуге қолданылады). Түсіндірмелі шартты белгілер масштабты, масштабтан тыс шартты белгілермен бірге, жергілікті заттарға қосымша сипаттама беру үшін қолданылуы (орман түрін керсететін белгі, өзеннің ағу бағытын көрсететін белгі). Жергілікті заттардың шартты белгілерінің қасына объектінің аты көрсетіліп, түсініктеме берілуі.

VІІІ-бөлім. «Бір өзіне бірнеше өлең арнатқан!» (36 сағ.)

28-сабақ. «Қыз Жібек» жыры. Жайық өзені, тарихы. (8 с.)

Қыз Жібек - қазақтың ең көне мұраларының бірі, лиро-эпостық дастан. Тарихи оқиға, кейіпкерлері туралы түсінік. Жібек бейнесі - сұлулық пен әсемдіктің нышаны, қазақ халқының мақтанышы, рухани ескерткіш. Жырдағы жер су атауларын табу. Жайық – Ресей Федерациясы (Башқұртстан, Челябин, Орынбор

облыстары) мен Қазақстан Республикасы (Атырау, Батыс Қазақстан облыстары) жеріндегі өзеннің тарихы.

29-сабақ. «Салық өлді дегенше, халық өлді десейші» М.Бабажановтың өмірі мен шығармашылығы, еңбектері. Өлкетанушылар еңбектерімен танысу. (8 с.)

М.Бабажановтың қазақтың салт-дәстүрі, шаруашылығы, діни нанымы, аңшылық кәсібі жөнінде еңбектері. Халықтың көне тарихи мұраларын, аңыз-ертегілерін, өлең-жырларын, мақал-мәтелдерін жинап, зерттеуі. Ресей музейлері мен ғылыми мекемелеріне қазақ тарихы мен тұрмысына қатысты археологиялық, этнографиялық жәдігерлерін жіберуі. «Қымыз туралы жаңалық», «Орал казак-орыстары мен Ішкі Орда қазақтарының айтысы», «Ішкі казак Ордасының жылқылары және оны бағу», «Нарын құмы жөніндегі мәліметтер», «Ішкі Бөкей ордасындағы аңшылық», «Заметки киргиза о киргизах» («Қазақтың қазақтар туралы жазбалары») мақалалары мен зерттеу еңбектері. Нарын құмынан табылған әйел мүсініндегі балбал тас үшін ол күміс медальға ие болуы.

30-сабақ. Х.Есенжанов.«Ақжайық» трилогиясындағы елді мекен атаулары. (8 с.)

Х.Есенжанов шығармашылығы. Батыс Қазақстандағы тұтас бір кезеңнің оқиғаларына арналған - “Ақ Жайық” трилогиясы (1-кіт., 1957; 2-кіт., 1959; 3-кіт., 1965) “Ақ Жайық” трилогиясы мен “Көп жыл өткен соң” роман-дилогиясы 5 кітаптан тұратын тұтас эпопея. Х.Есенжанов өмірінің соңғы жылдары “Қарт қазақ”, “Жайын ілерде”, “Жар”, т.б. әңгіме, очерк, әдеби-сын мақалалары. Бастауыш, орта мектептер үшін оқулықтар жазуы. Қазақстан Мемлекеттік сыйлық лауреаты.

31-сабақ. Ж.Молдағалиев «Мен – Қазақпын!» кітапханасына саяхат. (8 с.)

Ақынның өмірі мен шығармашылығы. Поэмаларын оқыту. Слайд жасау. Кітапхана жұмысымен танысу. Кітап алуы. «Сағындым, Жайық», «Махаббатты таңдасам», «Қиял қанаты», «Мереке дастарқаны», «Мен-қазақпын», «Айттым сәлем», «Туған жер» өлеңдерін таныстыру.

32-сабақ. Практикалық сабақ: «Әдеби Орал» презентация жасау. (4 с.)

Қ.Мырзалиев, Ж.Нәбиуллин, А.Нәріков, А.Бақтыгереева, Ш.Қыдырғиязова, Д.Мұштанова, Б.Ғұбайдуллин, М.Балмолда, М.Шүйіншалиева т.б. ақындар шығармашылығын.

ІХ-бөлім. Өлкетанулық зерттеу жұмысы. (36 сағ.)

33-сабақ. Жолсерік жасақтау: «Орал өңірінің жолсерігі». (9 с.)

Қала бойынша, өлке бойынша жолсерік дайындау.

34-сабақ. «Ерлігің ұрпақ есінде!» ҰОС-ң хаттарын іздеу, ардагерлерге көмектесу, кездесу. (9 с.)

Ұлы Отан соғысы (1941—1945) Кеңес Одағының нацистік Алманияға және оның еуропалық одақтастарына (Мажарстан, Италия, Румыния, Финляндия, Словакия, Хорватия) қарсы жүргізген соғысы. Ұлы Отан соғысындағы ең атақты операциялар: Ленинград шайқасы (1941 шілденің 10-ы — 1944 тамыздың 9-ы), Мәскеу түбіндегі шайқас (1941 қыркүйектің 30-ы — 1942 сәуірдің 20-сы), Сталинград шайқасы (1942 шілденің 17-сі — 1943 ақпанның 2-сі), Курск шайқасы (1943 жылғы шілденің 5-сі — тамыздың 23-і), Берлин

шайқасы (1945 жылғы сәуірдің 16-сы — мамырдың 8-і). Орал қаласында тұратын ардагерлерге бару, көмек ұйымдастыру. Хаттар жинау. Кітап құрастыруға көмектесу.

35-сабақ. Мұрағатпен, кітапханамен жұмыс (9 сағ)

36-сабақ. «Менің Отаным - Қазақстан» туристік өлкетану слеті (9 с.) Слет ережесімен танысу. 6 бағыт бойынша іздестіру-зерттеу жұмыстарын дайындау.

X-бөлім. Сынақтық жорықтар.(24 сағ.)

37-сабақ. Жорық, экспедицияларға дайындық. (10 с.)

Жорық алды дайындық. Маршрут құрастыру. Зерттеу. Картамен жұмыс. Тапсырмалар. Міндеттерді бөлісу. Алғашқы медициналық көмек.

38-сабақ. «Ақжайық» романының ізімен» экспедициясы (14 с.)«Орал қ.- Подстепное с. – Жаңаөмір с. – Бозой с.-Аңқаты өз.- Сарыөмір с.-ескі Шалқар с.- Орал қ.» маршрутымен «Х.Есенжановтың «Ақжайық» романының ізімен» әдеби-өлкетанулық экспедициясына дайындық.

XI-бөлім. Қорытынды. (12 сағ.) Өтілген тақырыптарды қорытындылау.

39-сабақ. «Мұрагер - жорықта!» Видео фильмін жасақтау.(6с.)

40- сабақ. Жылдық қорытынды есеп. (6 с.)

Оқу-тақырыптық жоспары

Р/С	Тақырыптардың және бөлімдердің атауы	Сағат саны			
		Барлығы	Дәріс	Сараман	
				Ғимарат	Аймақта
I	«Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициясы	22			
1	Экспедиция тапсырмалары Үйірменің іс қағаздарын жинақтау	6	3		3
2	«Мәңгілік Ел» идеясы «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру»	5	2	3	
3	Отандық туризмнің тарихы	5	3		2
4	Туристік тәртіп ережелері. Қауіпсіздік шаралары Алғашқы дәрігерлік көмек	6	3		3
II	«Өзіңді танығаның – ақиқатты танығаның»	10			
5	Қазақстанның тәуелсіздік тарихы	5	2		3
6	«Ең алдымен өзіңді өзің таны!» Жанұя шежіресін зерделеу Туысқандық атаулар тарихы	5	3		2
III	«Жер тарихы – ел тарихы»	35			
7	«Тарих ата – тамырым» арий, сақтар, ғұндар, түркілер мәдениеті.	6	3	3	
8	Қазақ шежіресі. Көне түркі жазулары. Латын алфавиті	5	2		3
9	«Ұлыларға тағзым» - Әл-Фараби, Қадырғали Жалайри еңбектерімен танысу	5	3		2
10	Ұлы Жібек жолындағы қалалар тарихы.	6	3		3
11	Ескерткіштер ел тарихы	5	2		3
12	Батыс өңірінің археологиялық қазыналары	8	3		5
IV	Текелінің (Оралдың) тарихы – ауыз әдебиетінде!	24			
13	Фольклорлық шығармалар: аңыз-әңгімелер, жұмбақ-жаңылтпаштар.	8	3	3	2
14	«Батысты найза бер де жауға қой!»	8	3	3	2
15	Батырлар туралы зерттеу жұмысы	8	3		5
V	Этнография	49			
16	Қазақ халқының мәдениеті, дәстүрі, әдет-ғұрпы мен қолөнері	3			3

17	Өңірде тұратын ұлттардың мәдениеті	8	3		5
18	Ұлттық киімді әсемдеу дәстүрі	8	3	3	2
19	Ұлттық тағам асханасы. «Қымыздың пайдасы», «Ұлттық тағамдар»	8	3		5
20	Ұлттық ойындар тарихы Ләңгі, Асық, алтын сақа ойындары	6			6
21	Батыс Қазақстанда тұратын халықтардың ұлттық мерекелері	8	2		6
22	«Дәстүр ордасы- киіз үй» - киіз басу, ою бастыру	8	2		6
VI	Жері байдың – елі бай	36			
23	«Орал – өндіріс орталығы»	6	3		3
24	«Мамандықтың бәрі жақсы» оқу орындарына саяхат	12	3	3	6
25	Ауыл шаруашылық орталықтары	6	3		3
26	Табиғатты қорғау орталығы	6	3		3
27	Топографиялық белгілер. Топографиялық зерттеу, бағдарлау.	6	3		3
VII I	Бір өзіне бірнеше өлең арнатқан – Жайық өзені	36			
28	«Қыз Жібек» жырының варианттары	8	2	3	3
29	Жайық өлкетанушыларының шығармашылығы	8	2	3	3
30	Х.Есенжановтың «Ақжайық» триологиясындағы топонимикалық атаулар	8	2	3	3
31	Ж.Молдағалиев «Мен – Қазақпын!» (кітапханаға саяхат)	8	2	3	3
32	М.Исламғалиевтың шығармашылығы	4		4	
IX	«Жайық өңірі Отан соғысы жылдарында» өлкетанулық зерттеу жұмысы	32			
33	«Ерлігің ұрпақ есінде!» ҰОС-ң хаттарын іздеу, ардагерлерге көмектесу, кездесу.	8	3	3	2
34	Батыстың батыр қыздары	8	3	3	2
35	Іздестіру – зерттеу жұмыстары. Мұрағатпен, кітапханамен жұмыс	8	3	5	
36	«Менің Отаным - Қазақстан» туристік өлкетану слетіне қатысу	8	2		6
X	Батыс Қазақстан облысының	24			

	аудандарының тарихы, ескерткіштері				
37	Ақжайық, Қаратөбе, Сырым аудандарының тарихы, ескерткіштері	8	3	3	2
38	Жана қала, Жәнібек, Бөкейорда аудандарының тарихы, ескерткіштері	8	3		5
39	«Туған өлкем Ақжайық» виртуалды энциклопедиясына материалдар толықтыру	8	3		5
XI	Сынақтық қорытынды жорықтар	20			
40	Жорық, экспедицияларға дайындық. «Жұбан елі-жыр елі» экспедициясына шығу	8	3		5
41	«Мұрагер - жорықта!» папкасын жинақтау	8	3	3	2
42	Жылдық қорытынды есеп	4	4		
	Барлығы	288	107	51	130

Бағдарлама мазмұны

I - бөлім. «Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициясы (22 сағ)

1-сабақ. «Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициясы. тапсырмалары. Туристік-өлкетану, туристік-экологиялық, әдеби-өлкетану, тарихи-өлкетану, экскурсиялық, географиялық бағыттарының тапсырмаларымен жұмыс. Іздестіру-зерттеу жұмыстарының заңдылықтары. Рәсімдеу. Презентация.(6 с.)

2-сабақ. «Мәңгілік Ел» идеясы. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. (5 с)

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» жалпы ұлттық идеясын жүзеге асыру мақсатында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бағыттарын ұғындыру.

1) «Тәрбие және білім», бұл – қазақстандық патриотизм үлгісінде жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу;

2) «Атамекен», бұл – қазақстандықтардың кіші Отаны алдындағы жауапкершілігін күшейте отырып, олардың азаматтық белсенділігін арттыру;

3) «Рухани Қазына», бұл – туған аймақтың тарихы мен мәдениетіне, салт-дәстүріне қызығушылықты ояту, құрметтеуге баулу;

3-сабақ. Отандық туризм тауризмнің тарихы (5 сағ.) Отандық туристер, саяхатшылар. Зерттеушілер мен тарихшылар. Тарих атасы – Гредоттың саяхаты. Еуропа саяхатшылары. Географиялық жаңалықтар. Ә.Жангелдиннің саяхаты. Балалар туризмінің басталуы. Батыс Қазақстан өңіріндегі балалар

туризмі. Балалар туризмі тарихы музейіндегі жаңа экспозициялармен танысу. Өткен жылғы жетістіктерді қорытындылау.

4-сабақ. Туристік тәртіп ережелері. Қауіпсіздік шаралары. Алғашқы дәрігерлік көмек. (6 с.)

Туризмнің техникасы мен тактикасы: қозғалыс кестесін дұрыс жасау, уақытты тиімді пайдалану, сан-салалы жолдардан кедергісіз өту – көздеген мақсатқа жетудің маңызды жолы, жорықтағы күн тәртібі, қозғалыс (ересектер – 50 мин, жасөспірімдер – 40 мин, төменгі сынпоқушылары – 35 мин, үзіліс 10-15 мин.) және тәртіп сақтау. Жас туристерді экскурсия, серуен, жорық кезіндегі тәртіппен таныстыру. Жорықта өзін-өзі басқару ережесін қайталау. Туристік жорықтың тактикасы мен техникасы. Саяхат ауданын зерттеу. Компас. Қауіпсіздік шаралары. Туристік жорықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Сақтандыру және өзін-өзі сақтандыру. Сақтандырудың және өзін-өзі сақтандырудың маңыздылығы. Сақтандыру құралдары. Туристік түйіндер, кеуде бекіткіші және оны қолдану тәсілі. Сақтандыру түрлері: біруақыттық, кезекті, топтық және өзін-өзі сақтандыру. Сақтандыру орнын таңдау және дайындау. Жоғарғы және төменгі сақтандыру. Арқан арқылы жоғарыға шығу және төменге түсу. Жорық кезіндегі қауіпсіздіктің алдын алу. Өлкетануда қолданылатын карталардың түрлері, бағдарлау (бағытты анықтау) негіздері, компас, жергілікті жерде және картада азимутты анықтау, полярлық және маршруттық түсіру тәсілдерімен жергілікті жердің жоспарын жасау технологиялары, шартты белгілер; Жорық, экспедиция, экскурсиялар түрлері. Жорыққа дайындық. Жорық ауданын зерттеу. Топтағы міндеттерді бөлу. Жорық күнделігін жүргізу. Жорық бағдарламасын және маршруттың әзірлеу. Маршрут құжаттарын даярлау. Есепті дайындау. Туристік құрал - жабдықтар. Жолда жүру ережесі. Алау түрлерімен (шалаш, құдық, перамида, таежный, траншея, «заборчик», «решетка», «аңшының ошағы» т.б.) таныстыру, қолдалынуы, тәртібі (Алауды қатты желден сақтау; оған ауа келіп тұруды қамтамасыз ету; жылынуға - кең жағылған, тағам дайындау үшін - конус тәрізді алауларды пайдалану т.с.с.) туралы ұғындыру. Өлкетануда қолданылатын карталардың түрлері, бағдарлау (бағытты анықтау) негіздері, компас, жергілікті жерде және картада азимутты анықтау, полярлық және маршруттық түсіру тәсілдерімен жергілікті жердің жоспарын жасау технологиялары, шартты белгілер; Топтық құралдар. Туристік палаткаларды сипаттары. Тент және палаткалар. Құралдардың күтімі және оны жөндеу. От жағу құралдары. Өлкетану жұмыстардың міндеттеріне байланысты арнайы экспедициялық құрылғылар. Туризм түрлері бойынша арнайы құрылғылар: мұзжарғыштар (ледоруб), ілмектер (крючья), кошкалар, қорғаныс жилеты, байдаркалар, шаңғылар, каскалар және т.б. Алғашқы медициналық көмек түрлері.

II-бөлім. «Өзіңді танығаның – ақиқатты танығаның» 10с.

5-сабақ. Қазақстанның тәуелсіздік тарихы. (5 с.)

Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі республиканың егемендігі туралы Декларация 1990 ж қабылданды. Содан бері қол жеткен жетістіктер. Тәуелсіздік туралы өлеңдер жатқа оқу, жазу.

6-сабақ. «Ең алдымен өзіңді өзің таны!» (5 с.)

Жанұя шежіресі тарату. «Ескі суреттер сыр шертеді» жанұялық альбом. Жанұя шежіресі. Жанұя тарихы. Жеті ата. Ата-тек атаулары: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене. Туыстық атаулар тарихы: жүрежат, туажат, жұрағат, жат жұрағат, жегжат, жамағайын.

III-бөлім. «Жер тарихы – ел тарихы» (35 сағ.)

7-сабақ. «Тарих ата – тамырым» арий, сақтар, ғұндар, түркілер мәдениеті. (6 с.) Қазақстан жерінде өмір сүрген тайпалар тарихын тереңдеп зерттеу.

8-сабақ. Қазақ шежіресі. Көне түркі жазулары. Латын алфавиті. (5с.)

Қазақ сөзінің шығу тарихы. Ежелгі тайпалық одақтар тарихы. Руналық ескерткіштер жазуы. Алаш сөзінің мағынасы. Күлтегін ескерткіші. Білге қаған ескерткіші. Талас, Тұрфан жазулары. Қожа Ахмет Иассаудің еңбектері. Латын алфавитімен танысу. Құлпытастардағы таңбаларды оқу, зерттеу.

9-сабақ. «Ұлыларға тағзым» - Әл-Фараби, Қадырғали Жалайри еңбектерімен танысу (5 с.)

«Таза шындық», «Ғылым түрлері», «Құтты білік», «Дауа кітабы», «Асыл тастар» т.б. кітаптар туралы түсіндіру, кітаптардан құнды деректер жинақтау. Қадырғали Жалайридің «Жамиғат – ат - тауарихы» еңбегіндегі тарихи мәліметтер туралы реферат дайындау.

10- сабақ. Ұлы Жібек жолындағы қалалар тарихы (6с.)

Сарайшық қаласы. Жайық қаласының тарихы. Археологиялық жаңа зерттеулер.

11-сабақ. Ескерткіштер - ел тарихы (5 с.) Орал қаласындағы ескерткіштер тарихын зерттеу. Жайық қалашығы. Орал қаласының тарихы. Жайық қалашығы т.б. археологиялық ескерткіштер, ерте замандағы тұрақтардың, елді мекендердің, қалалардың, қорғандардың, қорымдардың сызба-нұсқаларын жасау. Қаладағы ескерткіштер. Даңқ, «Европа-Азия» монументтері, А.С.Пушкин, М.Мәметова, А.Құнанбаев, В.И.Чапаевтың, С.Датов, Г.К.Жуков, А.Шолохов, Т.Масиннің және М.Молдағалиевтің ескерткіш-мүсіндерінің авторлары мен қала тарихымен байланыстылығы.

12-сабақ. Батыс өңірінің археологиялық қазыналары (8 с.) Жайық өңірінің археологиялық зерттелуі. Археология орталығының ғылыми тәжірибелік жұмыстары.

IV-бөлім. Текелінің (Оралдың) тарихы – ауыз әдебиетінде! (24 сағ)

13-сабақ. Фольклорлық шығармалар: аңыз-әңгімелер, жұмбақ-жаңылтпаштар. (8 с) Фольклор–халықтың бұрынғы замандарда өмір сүрген бабалары шығарып, пайдаланып, ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп, бүгінгі дәуірге жеткізген руханияты. Мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаштар түрлері.

14 сабақ. «Батысты найза бер де жауға қой!» (8с)

15 сабақ. Батырлар туралы зерттеу жұмысы(8с)

V.Этнография

16 сабақ. Қазақ халқының мәдениеті, дәстүрі, әдет-ғұрпы мен қолөнері (3 с) Халықтық салт-дәстүр. Салт-дәстүр – халықтың ертеден, ұрпақтан-ұрпаққа ұмытылмай жалғасып келе жатқан, әбден қалыптасқан ережелері мен үлгілі істері. Қазақ халқының салт-дәстүрлері: қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, жастарға қамқоршы болу, ата-ананы ардақтау, үйге сәлем беріп кіру, әдептілік, қонақжайлылық, т.б. Ақсақалдар мен ел құрметіне бөленген сыйлы адамдар және ата-ананың өз ұрпағына, еліне арнап айтқан үлгі-өнегесі өсиет сөздерін жинау. Жыл қайыру, қалау, қонақасы, қорықтық құю, құтты болсын айту.

17 сабақ. Өңірде тұратын ұлттардың мәдениеті (8 с) Өңірдегі ұлттар тарихы мен мәдениеті мен шығармашылығы. Орыс, татар халқының ұлттық ойындары.

18 сабақ. Ұлттық киімді әсемдеу дәстүрі (8 с) Ұлттық киімдер атауы. Ұлттық киімді әсемдеу дәстүрі. Ою түрлері. Киізден жасалатын киімдер. Теріден жасалатын киімдер. Сырт киімдер: Аба; Бота ішік; Жарғақ; Тайжақы; Тақыр шалбар; Тон. Бас киімдер: Бөрік; Құлақшын; Малақай; Тақия; Тымақ. Аяқ киімдер: Кебіс; Мәсі; Мықшима; Саптама етік; Шарық (Шо-қай); Шоңқайма. Жүннен жасалатын киімдер. Жабағы күпі; Жадағай шапан; Жүн қолғап; Жүн шұлық; Мойынша; Түйежүн далбағай; Түйе жүн кеудеше; Шекпен; Шидем шекпен.

19 сабақ. Ұлттық тағам асханасы. «Қымыздың пайдасы», «Ұлттық тағамдар» (8с.) Іздестіру-зерттеу жұмысы.

20 сабақ. Ұлттық ойындар тарихы. Ләңгі, асық, алтын сақа ойындары (6 с)

Қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік, әскери-спорттық, салт-дәстүрлік, өзара қарым-қатынастық және көркем-эстетикалық сипаты. Ұлттық ойындардың түрлері. Әбжілдік пен төзімділікке тәрбиелейтін, ат үстінде шауып келе жатып жерден - күміс алу. Ер адамдардың кеңінен тараған ойыны - көкпар тарту. Халық арасына кеңінен тараған спорт жарыстарының бірі — қазақша күрес. Ол барлық салтанатты жиындарда өткізіледі. Алтыбақан тебу, асық ойнау, жамбы ату, қыз қуу, жілік сындыру сияқты ұлттық ойын түрлері мен спорт жарыстары.

21 сабақ. Батыс Қазақстанда тұратын халықтардың ұлттық мерекелері (8 с) Наурыз мерекесі. Қымызмұрындық, соғым басы, сүндет тойы, тоқым қатар мереке-тойларының ерекшеліктері.

22 сабақ. «Дәстүр ордасы- киіз үй» - киіз басу, ою бастыру (8с) Киіз үй тарихы. Әсемдеу үрдісі. Мүліктердің орналасу тәртібі. Киіз басу, ою түрлері.

VI. Жері байдың – елі бай

23 сабақ. «Орал – өндіріс орталығы» (6 с)

Батыс Қазақстан өңірінің шаруашылығы маңызы бар (ауылдың, ауданның, қаланың) өнеркәсіп және ауылшаруашылығы кәсіпорындарының орналасуының карта-сызбасын құрастыру, өлкенің кәсіпорындары және мекемелерінде сұранысқа ие мамандықтар; өнеркәсіп және ауылшаруашылығы кәсіпорындарының жұмысымен танысу, «Омега», «Зенит» (кәсіпорындардың жетекшілерімен және мамандарымен кездесу); кәсіпорынға экскурсия жасау, техникамен, технологиялармен және технологиялық үдерістермен танысу, әр түрлі мамандық иелерімен танысу; маңызы бар (ауылдың, ауданның, қаланың) өнеркәсіп және ауылшаруашылығы кәсіпорындарының орналасуының карта-

сызбасын құрастыру, өлкенің кәсіпорындары және мекемелерінде сұранысқа ие мамандықтар; өнеркәсіп және ауылшаруашылығы кәсіпорындарының жұмысымен танысу (кәсіпорындардың жетекшілерімен және мамандарымен кездесу); кәсіпорынға экскурсия жасау, техникамен, технологиялармен және технологиялық үдерістермен танысу, әр түрлі мамандық иелерімен танысу; алдын-ала жасалған жоспар бойынша аудан, қала үшін аса маңызды кәсіпорындарды оқып-білу және сипаттама беру, өнеркәсіптік, сонымен қатар экспорттық және импорттық қарым-қатынастардың сызба-нұсқасын құрастыру; алдын-ала жасалған жоспар бойынша аудан, қала үшін аса маңызды кәсіпорындарды оқып-білу және сипаттама беру, өнеркәсіптік, сонымен қатар экспорттық және импорттық қарым-қатынастардың сызба-нұсқасын құрастыру;

24 сабақ. «Мамандықтың бәрі жақсы» оқу орындарына саяхат. (12 с)

Оқу орындарына саяхат. М.Өтемісұлы атындағы мемлекеттік университеті, Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжі тарихы, Жәңгір хан атындағы ауыл шаруашылық университеті, медициналық колледж.

25 сабақ. Ауыл шаруашылық орталықтары (6 с.)

Өлкедегі агроөнеркәсіп кешендері. Сүт («Береке» ЖШС), бидай («Желаев» ЖШС), ет т.с.с. өнімдерін қайта өңдеумен негізінен «Береке» АҚ, «Ибрагим» ЖШС, «Жайық-Ет» ЖШС, «Кублей» ЖШС және Орал қаласында орналасқан 12 шағын цехтар айналысуы. Еңбек өнімдері. Өлкенің экономикасына пайдасы. Сауалнама жүргізу. Фотоға түсіруге үйрену.

26 сабақ. Табиғатты қорғау орталығы (6с)

Батыс Қазақстан өңірінің ерекше қорғалатын аумақтары және табиғатты қорғау. туған өлкенің қорғауды талап ететін өсімдіктері мен жануарларын анықтау және тізімін құрастыру, олар жайлы фотоальбомдар, бейне слайдтар, бейнефильмдер жасау (жұмысты презентациялау), туған өлкенің және оған жақын аумақтардың «Қызылкітаптық», эндемикалық өсімдіктері мен жануарлары; ерекше қорғалатын аумақтар және нысандарға (мүмкіндікке байланысты): қорықтарға, қорықшаларға, ұлттық саябақтарға, табиғат ескерткіштеріне, хайуанаттар бағына, ботаникалық бақтарға, дендрарилерге, орман шаруашылықтарына саяхат жасау, олардағы табиғатты қорғау жұмыстарының технологияларымен танысу;

27 сабақ. Топографиялық белгілер. Топографиялық зерттеу, бағдарлау. (6 с)

Топографиялық белгілер - жергілікті заттардың топографиялық, карталардағы шартты (графикалық, әріптік, сандық) белгілері. Масштабтық, масштабтан тыс және түсіндірмелі белгілер. Масштабты шартты белгілермен өз өлшемі бойынша карта масштабында керсетілетін заттар (орман, көл, т.б.). Масштабтан тыс шартты белгілер (карта масштабында өлшемі шағын болғандықтан (шахталар, радиомачта) көрінбей қалатын жергілікті заттарды бейнелеуге қолданылады). Түсіндірмелі шартты белгілер масштабты, масштабтан тыс шартты белгілермен бірге, жергілікті заттарға қосымша сипаттама беру үшін қолданылуы (орман түрін керсететін белгі, өзеннің ағу бағытын көрсететін белгі). Жергілікті заттардың шартты белгілерінің қасына объектінің аты көрсетіліп, түсініктеме берілуі.

VIII. Бір өзіне бірнеше өлең арнатқан – Жайық өзені

28 сабақ. «Қыз Жібек» жырының варианттары (8 с.)

Қыз Жібек -қазақтың ең көне мұраларының бірі, лиро-эпостық дастан. Тарихи оқиға, кейіпкерлері туралы түсінік. Жібек бейнесі - сұлулық пен әсемдіктің нышаны, қазақ халқының мақтанышы, рухани ескерткіш. Жырдағы жер су атауларын табу. Жайық – Ресей Федерациясы (Башқұртстан, Челябин, Орынбор облыстары) мен Қазақстан Республикасы (Атырау, Батыс Қазақстан облыстары) жеріндегі өзеннің тарихы.

29 сабақ. Жайық өлкетанушыларының шығармашылығы. (8 с.)

30 сабақ. Х.Есенжановтың «Ақжайық» триологиясындағы топонимикалық атаулар. (8 с.) Х.Есенжанов шығармашылығы. Батыс Қазақстандағы тұтас бір кезеңнің оқиғаларына арналған - “Ақ Жайық” трилогиясы (1-кіт., 1957; 2-кіт., 1959; 3-кіт., 1965) “Ақ Жайық” трилогиясы мен “Көп жыл өткен соң” романдилологиясы 5 кітаптан тұратын тұтас эпопея. Х.Есенжанов өмірінің соңғы жылдары “Қарт қазақ”, “Жайын ілерде”, “Жар”, т.б. әңгіме, очерк, әдеби-сын мақалалары. Бастауыш, орта мектептер үшін оқулықтар жазуы. Қазақстан Мемлекеттік сыйлық лауреаты. Трилогиядағы жер-су атаулары.

31 сабақ. Ж.Молдағалиев «Мен – Қазақпын!» (кітапханаға саяхат) (8 с.)

Кітапханада жұмыстану тәртібі. Ақынның өмірі мен шығармашылығы. Поэмаларын оқыту. Слайд жасау. Кітапхана жұмысымен танысу. Кітап алуы. «Сағындым, Жайық», «Махаббатты тандасам», «Қиял қанаты», «Мереке дастарқаны», «Мен-қазақпын», «Айттым сәлем», «Туған жер» өлеңдерін таныстыру.

32 сабақ. М.Исламғалиевтың шығармашылығы (8 с.) Тұңғыш әңгімесі «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде 1966 жылы жариялайды. «Аққу сазы», «Екінші тыныс», «Қайырлы таң» «Екі басқа дүние», «Пробный камень» атты повестері мен әңгімелері, «Толқын мен ағын» романы, «Өз жүрегіңе үңіл» атты роман, повесть және әңгімелер кітабы, «Тұман ішіндегі көш» романы, пьесасы мен әңгімелер жинағы; «Әйтеке би» атты тарихи-философиялық диалогиясы, тарихи зерттеулері топтастырылған «Сан қилы сауал», «Әйтеке би» (ғұмырнама); «Ғұмырнамалар мен ғибратнамалар» атты кітаптары жарық көрді. 2001 жылы «Тұман ішіндегі көш» романы үшін қаламгерге Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы берілді.

ІХ-бөлім. Өлкетанулық зерттеу жұмысы. (32 сағ)

33 сабақ. «Ерлігің ұрпақ есінде!» ҰОС-ң хаттарын іздеу, ардагерлерге көмектесу, кездесу. (8 с) Ұлы Отан соғысы (1941—1945) Кеңес Одағының нацистік Алманияға және оның еуропалық одақтастарына (Мажарстан, Италия, Румыния, Финляндия, Словакия, Хорватия) қарсы жүргізген соғысы. Ұлы Отан соғысындағы ең атақты операциялар: Ленинград шайқасы (1941 шілденің 10-ы 1944 тамыздың 9-ы), Мәскеу түбіндегі шайқас (1941 қыркүйектің 30-ы — 1942 сәуірдің 20-сы), Сталинград шайқасы (1942 шілденің 17-сі — 1943 ақпанның 2-

сі), Курск шайқасы (1943 жылғы шілденің 5-сі — тамыздың 23-і), Берлин шайқасы (1945 жылғы сәуірдің 16-сы — мамырдың 8-і). Орал қаласында тұратын ардагерлерге бару, көмек ұйымдастыру. Хаттар жинау. Кітап құрастыруға көмектесу.

34 сабақ. Батыстың батыр қыздары (8 с)

М.Маметова, Х.Доспанова, М.Тоқтамышова, Н.Байсеитова, Р.Момынова, Қ.Ермекова туралы танысу. М.Маметованың қаза боған жеріне экскурсия.

35 сабақ. Іздестіру-зерттеу жұмыстары. Мұрағатпен, кітапханамен жұмыс (9 с) 6 бағыт бойынша іздестіру-зерттеу жұмыстарын дайындау.

Х-бөлім. Батыс Қазақстан облысының аудандарының тарихы, ескерткіштері (24 сағ)

37 сабақ. Ақжайық, Қаратөбе, Сырым аудандарының тарихы, ескерткіштері (8 с) Өңірлердің тарихымен, әдебиетімен, табиғи ерекшелігімен танысу, аңыз әңгімелер жинақтау.

38 сабақ. Жаңақала, Жәнібек, Бөкей ордасы аудандарының тарихы, ескерткіштері (8 с)

Өңірлердің тарихымен, әдебиетімен, табиғи ерекшелігімен танысу, аңыз әңгімелер жинақтау.

39 сабақ. «Туған өлкем Ақжайық» виртуалды энциклопедиясына материалдар толықтыру(8 с)

XI-бөлім. Сынақтық жорықтар Қорытынды. (20 сағ)

40 сабақ. Жорық, экспедицияларға дайындық. (8с.)

Жорық алды дайындық. Маршрут құрастыру. Зерттеу. Картамен жұмыс. Тапсырмалар. Міндеттерді бөлісу.

41 сабақ. «Жұбан елі-жыр елі» экспедициясы (8 с.)

42 сабақ. Жылдық қорытынды есеп. «Мұрагер - жорықта!» жинағы.. (4 с.)

Өтілген тақырыптарды қорытындылау.

Жүзеге асыру әдістері

Р/с	Жұмыс түрі	Үлгі бойынша жұмыс	Жаңа материалды ажырату	Жаңа материалды оқу мақсатына қарай өзгерту	Шығармашылық жұмыс
1	Туристік дайындық негіздері	Бивуак құру. Туристік кедергілерден өту, кедергілерді өзі жасақтау.	Қазақ халқының бағдарлау қасиеті.	Киіз үй мен шатырдың, компас пен табиғат өзгерістері, байлам түрлерін салыстыру. Ұқсастығы. Айырмашылығы	Алауда тағам дайындау, киім кептіру, халықтық тағам сақтау т.с.с көшпенді халықтардың туристер тіршілігімен ұқсастығын салыстыру.
2	Экскурсия жасаудағы арнайы дайындық негіздері.	Экскурсия кезіндегі тәртіп мен мәдениет.	Айтылған мәтінді есте сақтау. Өзі білетін дерекпен салыстыру.	Сұрақ қою. Жауапты деректермен толықтыру.	Экскурсиялық мәтін жасақтау.
3	Қауіпсіздік шаралары негіздері	Тәжірибе жасау. Жорық түріне қарай қауіпсіздік шараларын жатқа білу.	Жылдың төрт мезгіліне байланысты қауіпсіздік шараларын ажырата білу.	Жағдайға қарай ыңғайлы әдістер табу.	Жорықтағы қауіп-қатердің алдын алу, уақиғалардан деректі фильм түсіруге талпыну.
4	Гигиена, алғашқы дәрігерге дейінгі көмек	Жорық кезіндегі өзін-өзі ұстау. Алғашқы медициналық көмек.	Өтілген тақырыптар арасындағы байланысты ажырату, салыстыру, талдау.	Медицина мен халық емі арасындағы байланыс пен қарама-қайшылық	Туристік жорық кезіндегі балалар гигиенасы
5	Өлкетану	Берілген теориялық	Әр түрлі зерттеу	Айтылған пікірлерді	Іздестіру-зерттеу және ғылыми

негіздері	білімді түсінгенін практикада сынау.	еңбектерін оқу.Талдау. Салыстыру. Өзіндік байлам.	тарихи оқиға негізіне қарай талқылау.	жобамен жұмыс
-----------	--------------------------------------	--	---------------------------------------	---------------

Бағдарламаны әдістемелік-ақпараттық қамтамасыз ету

Тақырыбы	Сабақтың өтілу формасы	Дидактикалық материал	Сабақтың қорытындылау формасы
Кіріспе. Техникалық мәліметтер, қажетті құрал жабдықтармен таныстыру, ережелерін сақтау, техникалық талаптармен, нұсқаулармен жұмыс.	Түсіндіру, әңгіме	Көрнекілік кітапшасы, туристік құрал-жабдықтар. «Соқпақ» ғылыми-әдістемелік журналы	Бақылау сұрақтар
Өлкетану туралы түсінік. Өлкенің ежелгі тарихи деректер, археологиялық жәдігерлері. Балалар туризмі музейіне саяхат. Қырықоба тарихы.	Түсіндіру, машықтық,	Музей жәдігерлері, саяхат. Әдебиеттер оқу.	Тапсырма бақылау
Батыс Қазақстан облысында тұратын халықтар, олардың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі.	Машықтық, дәріптеу саяхат сабақ	Көрнекілік үлгі суреттер	Ізденіс, сұрақ, бақылау
Батыс Қазақстан облысы жер - су аттарының тарихы. Өлкетанушылармен кездесу.	Түсіндіру, машықтық, іздестіру	Өлкетанушылар кітаптарын оқу	Тапсырма бақылау
Өлкенің кен орындары, табиғи байлығы. Экскурсия. Музейлерге саяхат.	Түсіндіру машықтық	Экскурсия Саяхат	Реферат
Өлкенің мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет - ғұрпы. Театрларға саяхат.	Түсіндіру машықтық	Саяхат	Сахналық көрініс

<p>Өлкетанушылар кітаптарымен танысу. Мұрағатпен жұмыс. Кітапханаларға саяхат.</p>	<p>реферат суреттер жинақтау</p>	<p>Фото, құжаттармен жұмыс</p>	<p>Ізденіс, бақылау</p>
<p>Іздестіру-зерттеу жұмыстарын жүргізу.</p>	<p>Түсіндіру машықтық</p>	<p>Зерттеу жұмысы</p>	<p>Ізденіс тапсырма сұрақ бақылау</p>
<p>Сынықтық жорыққа (экспедицияға) әзірлік. Экспедиция маршрутын зерттеу. Маршрут жасақтау, картамен жұмыс. Өлкетанулық тапсыр. Есеп. Қорытынды. Экспедиция</p>	<p>Түсіндіру машықтық</p>	<p>Картамен, компаспен жұмыс. «Қазақстан – Орал» телерадиосының бағдарламасына қатысу.</p>	<p>Бақылау, қорытынды лау.</p>

Пайдаланылған әдебиеттер

1. "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясы, Алматы, "Қазақ энциклопедиясы"
2. «Қазақстан тарихы» (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. Алматы: Атамұра, 2010.
3. «Боздақтар» 4 том, Орал қаласы, 1998
4. Батыс Қазақстан облысының энциклопедиясы «Арыс» баспасы, Алматы, 2002
5. Акишев К.А., Кушиев Г.А., Древняя культура саков и усуней долины реки Или, 1963;
6. Артамонов М.И., Сокровища саков, М., 1973;
7. Акишев А.К., Искусство и мифология саков, А.-А., 1984;
8. А. Бейсенов., История Казахстана, т. 1, А., 1996.
9. Д.Д.Байдалиев., Болашақ мұғалімдерді педагогикалық өлкетану жұмысына кәсіби даярлау.
10. Д.А.Белоусов., Литературно - краеведческий кружок в школе.
11. Емельянов Б.В., Экскурсоведение. Учебное пособие. М., 2002.
12. Т.К.Жездібаев. «Жас туристерге кеңес» Алматы, 2005
13. В.И.Курилова., Туризм.М., «Просвещение», 1988
14. А.А.Остапец-Свешников. Программа туристско-краеведческой деятельности школьников. Москва, 1991
15. А.А.Остапец- Свешников, «Турист- ізкесушілер жорықта» «Полиграфсервис» баспаханасы, 2009
16. Е.Ю.Ривкин., Организация туристической работы со школьниками. ТКО «Искатель» 2001
17. В.В.Титова., Туристско-краеведческие кружки в школе. М., «Просвещение», 1988
18. А.а.Теміралиева. «Асыл мұра», Көшпенділер баспасы, 2010
19. К.Байпақов, С.Танабаева, М.Сдыков, Батыс Қазақстанның археологиялық қазбалары, Алматы, 2001
20. С.Кенжеахметұлы, Қазақ халқының салт-дәстүрі, Алматы, 2004
21. Б.С.Боранбаева, Ұлы Отан соғысына қатысқан Батыс Қазақстан облысының батыр қыздары, Орал, 2015
22. Қ.Хасанов, Ескірмейтін есімдер, Орал, 2008